

ОТЗЫВ

Зарубежного научного консультанта

на диссертационную работу докторанта Байболовой Молдир Канатовны на тему:
«Методологические аспекты упражнения систематизированной программы кардиореабилитации у пациентов после открытых операции на сердце»,
представленную на соискание ученой степени доктора философии (PhD) по образовательной программе
8D10110 – «Медицина»

Диссертационная работа Байболовой М. К. посвящена пациентам, перенесшим открытые операции на сердце, которые были включены в специально разработанную ею программу кардиореабилитации, состоящую из систематизированных физических упражнений.

Известно, что больные, перенесшие открытые операции на сердце с использованием стернотомии и искусственного кровообращения, имеют ряд послеоперационных особенностей, таких как выраженный болевой синдром и снижение качества жизни, что приводит к уменьшению физической работоспособности, особенно при осложненном течении — при наличии сердечной недостаточности, аритмий, длительной искусственной вентиляции легких или нарушении функции почек. Следовательно, проведение физической реабилитации у таких пациентов имеет важное значение.

В связи с этим работа Молдир Канатовны посвящена актуальному решению важной научной и практической проблемы.

Научная новизна исследования заключается в том, что в отечественной науке впервые были изучены методологические аспекты упражнений в систематизированной программе реабилитации после открытых операций на сердце. Программа была систематизирована, оценена ее эффективность, разработаны методы выполнения упражнений и изучено их воздействие на пациентов в клинических условиях. Кроме того, исследовано влияние систематизированной программы кардиореабилитации на качество жизни пациентов после открытых операций на сердце.

Докторант разработала оптимальные физические упражнения для пациентов, перенесших операции на сердце (аортокоронарное шунтирование, протезирование клапанов) с доступом через поперечную стернотомию, и создала специальную программу кардиореабилитации.

Этапы программы включали разработанные физические упражнения, тренировки на велоэргометре и терренкур. Следует отметить, что группа пациентов имела осложненное течение основного заболевания до операции (ФК III–IV); большинство имело периоперационный риск по шкале EuroSCORE — 4–10 %, а фракция выброса левого желудочка составляла менее 50 %.

Автор изучила эффект разработанной программы реабилитации на физическую работоспособность, выраженность болевого синдрома в области стернотомии и оценила качество жизни, используя опросник SF-36.

Было установлено, что применение данной программы привело к значимому увеличению физической работоспособности, в частности, повышению метаболических единиц, максимального потребления кислорода и увеличению пройденного расстояния при 6-минутном тесте ходьбы.

Значительно снизился болевой синдром по шкале Борга, особенно у пациентов с медиастинитом.

Соответственно, улучшились показатели качества жизни, включая физические, социальные и психоэмоциональные функции, отмечено снижение уровня боли и улучшение общего состояния здоровья.

Проведение программы кардиореабилитации у пациентов после открытых операций на сердце показало, что оптимально подобранные физические упражнения эффективны и выполнимы в условиях стационара, способствуют улучшению качества жизни, физической активности и функционального состояния пациентов, включая лиц, перенесших стерномедиастинит.

Во время выполнения диссертационной работы Байболова М. К. продемонстрировала исключительные способности к научно-исследовательской деятельности. Для решения задач научной работы ею были разработаны программы и планы исследований, применены современные методы статистической обработки данных, осуществлялся сбор информации из медицинской документации, кодирование и группировка материалов. Проводились реабилитационные мероприятия с пациентами.

В процессе работы автор использовала широкий спектр научной литературы и инновационные методы исследования. Молдир Канатовна проявила аналитические способности при обработке материала, тщательность в изложении результатов, их обсуждении, формулировке выводов и разработке практических рекомендаций.

По материалам диссертационной работы Байболовой М. К. опубликовано 10 научных статей, в том числе 2 — в журналах, входящих в международную базу данных Scopus; 4 — в изданиях, рекомендованных Комитетом по обеспечению качества в области науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан; 3 — тезиса на международных научно-практических конференциях и 2 программах, на которую получено авторское свидетельство.

Будучи грамотным специалистом в области кардиологии и кардиореабилитации, Молдир Канатовна прошла курсы повышения квалификации по научной деятельности, участвовала в научных школах и международных курсах по биомедицинской статистике и академическому английскому языку, организованных CSRDE и British Council.

Байболова Молдир Канатовна отличается трудолюбием, высокими требованиями к себе, критическим мышлением, аккуратностью при выполнении научных исследований и способностью анализировать результаты работы с творческим подходом.


Диссертационная работа Байболовой М. К. на тему «Методологические аспекты упражнений систематизированной программы кардиореабилитации у пациентов после открытых операций на сердце», представленная для получения степени доктора философии (PhD), является компетентным и завершённым научным исследованием.

Актуальность темы, цели и задачи, научная новизна, практическая значимость и результаты исследования по образовательной программе 8D10110 — Медицина полностью соответствуют требованиям, предъявляемым к диссертациям на соискание степени доктора философии (PhD).

В связи с этим автор Байболова Молдир Канатовна заслуживает присуждения учёной степени доктора философии (PhD).

Научный консультант:

д.м.н., профессор



Кудайбердиева Г. З.

8D10110 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін Байболова Молдир Канатовнаның «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ

Байболова М. К. диссертациялық жұмысы жүрекке ашық операциялардан өткен және арнайы әзірленген жүйелендірілген кардиореабилитация бағдарламасына енгізілген науқастарға арналған. Бағдарлама жүйелендірілген арнайы жаттығулар кешенінен тұрады.

Белгілі болғандай, стернотомия және жасанды қанайналым қолданылған жүрекке ашық операциялардан өткен науқастарда операциядан кейін бірқатар ерекшеліктер байқалады: айқын ауырсыну синдромы, өмір сапасының төмендеуі және еңбек қабілетінің азаюы. Бұл жағдай әсіресе аурудың асқынған түрінде (жүрек жетіспеушілігі, аритмия, ұзақ уақыт жасанды тыныс алу немесе бүйрек қызметінің бұзылысы кезінде) жиі кездеседі. Сондықтан мұндай науқастарға арналған физикалық оңалту (реабилитация) бағдарламасын жүргізу аса маңызды болып табылады.

Осыған байланысты Молдир Канатқызының жұмысы ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан өзекті мәселені шешуге бағытталған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы — елімізде алғаш рет жүрекке ашық операциядан кейінгі оңалтудың жүйелендірілген бағдарламасындағы жаттығулардың әдіснамалық аспектілерін зерттеуінде. Бағдарлама жүйелендіріліп, оның тиімділігі мен орындалу ерекшеліктері клиникалық жағдайда бағаланған. Сондай-ақ, жүйелендірілген кардиореабилитация бағдарламасының пациенттердің өмір сапасына әсері зерттелген.

Докторант жүрекке ашық операция (аортокоронарлық шунттау, жүрек қақпақшасын протездеу және көлденең стернотомия тәсілімен қолжетімді операциялар) жасаған науқастарға арналған оңтайлы физикалық жаттығуларды әзірлеп, арнайы кардиореабилитация бағдарламасын құрды.

Бағдарлама кезеңдері велоэргометриялық жаттығуларды, терренкурды және арнайы физикалық жаттығуларды қамтыды. Зерттеу тобының науқастары операцияға дейін негізгі аурудың асқынған түрімен (III–IV функционалдық класс) ауырған; көпшілігінде EuroSCORE шкаласы бойынша периперациялық қауіп 4–10 % аралығында болып, сол жақ қарыншаның лақтыру фракциясы 50 %-дан төмен болған.

Автор әзірлеген бағдарлама әсерін физикалық жұмысқа қабілеттілік, стернотомия аймағындағы ауырсыну дәрежесі және SF-36 сауалнамасы арқылы өмір сапасы бойынша бағалады.

Зерттеу нәтижесінде бағдарлама қолдану физикалық жұмысқа қабілеттілікті едәуір арттырғаны анықталды: метаболикалық бірліктердің, оттегіні барынша тұтынудың және 6 минуттық жүру сынағы кезінде жүрілген қашықтықтың ұлғаюы байқалды.

Борг шкаласы бойынша ауырсыну синдромы едәуір төмендеді, әсіресе медиастиниті бар науқастарда.

Соған сәйкес, өмір сапасының көрсеткіштері — физикалық, әлеуметтік және психоэмоционалдық функциялар жақсарды, ауырсыну азайып, жалпы денсаулық жағдайы жақсарды.

Жүрекке ашық операциядан кейінгі науқастарға арналған кардиореабилитация бағдарламасы оңтайлы таңдалған физикалық жаттығулардың тиімді әрі аурухана

жағдайында орындалуға ыңғайлы екенін көрсетті. Бағдарлама өмір сапасын, физикалық белсенділікті және функционалдық жағдайды жақсартуға ықпал етті, соның ішінде стерномедиастиниттен кейінгі науқастарда да оң әсер берді.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Байболова М. К. ғылыми-зерттеу жұмысына жоғары қабілетін көрсетті. Зерттеу міндеттерін шешу үшін ол зерттеу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеп, статистикалық өңдеу әдістерін қолданды, медициналық құжаттамадан деректер жинап, оларды кодтау және топтау жұмыстарын жүргізді. Науқастармен оңалту іс-шараларын орындады.

Жұмыс барысында автор ғылыми әдебиеттердің кең ауқымын және инновациялық зерттеу әдістерін қолданды. Молдир Канатқызы зерттеу материалдарын талдау мен нәтижелерді өңдеуде аналитикалық қабілетін, дәлдік пен ұқыптылықты, нәтижелерді баяндау және талқылауда жүйелілікті, қорытындылар мен практикалық ұсынымдарды әзірлеуде жоғары ғылыми мәдениетті көрсетті.

Диссертациялық жұмыс материалдары бойынша Байболова М. К. 10 ғылыми мақала жариялады, оның ішінде 2 — халықаралық Scopus дерекқорына енген журналдарда, 4 — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, 3 — халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция тезистерінде және 2 — авторлық құқықпен қорғалған бағдарлама.

Кардиология және кардиореабилитация саласының білікті маманы ретінде Молдир Канатқызы ғылыми қызметті жетілдіру бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өтіп, ғылыми мектептер мен CSRDE және British Council ұйымдастырған биомедициналық статистика және академиялық ағылшын тілі бойынша халықаралық курстарға қатысты.

Байболова Молдир Канатқызы еңбекқорлығымен, өзіне жоғары талап қоюымен, сыни ойлау қабілетімен, ғылыми зерттеу жұмыстарын орындаудағы ұқыптылығымен және нәтижелерді талдаудағы шығармашылық көзқарасымен ерекшеленеді.

Байболова М. К.-ның «Жүрекке ашық операциядан кейінгі науқастарға арналған жүйелендірілген кардиореабилитация бағдарламасы жаттығуларының әдіснамалық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған толыққанды әрі білікті ғылыми зерттеу болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және 8D10110 – Медицина білім беру бағдарламасы бойынша алынған нәтижелер философия докторы (PhD) дәрежесін алу жөніндегі диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты автор Байболова Молдир Канатқызы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеледі.

Ғылыми кеңесші:

м.ғ.д., профессор /қолы бар/

Г. З. Кудайбердиева